

FTAMP 16.21.51

С.Қ. Иманбердиева (orcid - 0000-0002-91519881)

*С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан
e-mail: imansaule@mail.ru*

<https://doi.org/10.55956/BUNN6189>

ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ БИОТОПОНИМДЕРДІҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада биотопонимдердің мал шаруашылығын дамытудағы рөлі, атқаратын қызметі анықталады. Көмескіленген мағыналы биотопонимдердің шығу тегі анықталып, мазмұндағы ақпарат негізінде флора не фаунасы емес, көне географиялық терминдер екендігі айқындалады. О бастағы кәсібі мал шаруашылығы болған қазақ халқы үшін төрт түлікке қатысты биотопонимдердің аса маңыздылығы анықталады. Мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі халық ауыз әдебиеті, топонимия материалдарындағы төрт түлік атаулары негізінде танымдық тұрғыдан ұлттық болмысты айқындау. Қазақ халқының аймақтық биотопонимиясы негізінде салыстыра отырып, мал шаруашылықты дамытуға қатысты ақпаратқа талдау жүргізу, ғылыми негіздемесін әзірлеу, жүйелеу. Зерттеу әдістері: статистикалық әдіс, салыстырмалы-салғастырмалы, этимологиялық талдау, лингвокогнитивтік, концептуалды, компоненттік (семантикалық) талдау. Зерттеу жұмысы лексика-семантикалық, когнитивтік бағытта орындалған. Көнеден осы уақытқа дейін төрт түлікке қатысты биотопонимдердің ауылшаруашылықтың дамуында қажетті ақпаратты беріп отырғандығының айғағы. Мал шаруашылығын дамытуда жайылымның ыңғайлығы, ит-құстың болмауы, сулы, нулы болуы маңызды, сондықтан жалаң төрт түлікке қатысты биотопонимдер ғана емес, мал шаруашылығының дамуына маңызды топонимдер де қарастырылады. Мақаланың практикалық маңыздылығына оның негізгі нәтижелерін лексикология, ономастика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану тәрізді теориялық курстарда, сондай-ақ қазақ тілін оқыту парктикасы үшін семинарларда қолдануға болатыны жатады.

Тірек сөздер: биотопоним, сала, ақпарат, мәні, мал шаруашылығы.

Кіріспе. Күнделікті тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болған қазақ халқы үшін о баста малды ұстайтын, малды жаятын жерлерді білу маңызды болған. Бұл ақпараттың негізі топонимдерде сақталған. Ал оның ішінде төрт түлікке қатысты биотопонимдердің берер мәліметі нақты әрі барынша толық, яғни ауылшаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығын дамытуда рөлі ерекше.

Төрт түлік атаулары тілдік бірлік болғанымен, олар биология, география, тарих, метеорология, ономастика, лексикология салаларының тоғысуындағы алғашқы рет зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Сонысымен өзекті, маңызды болмақ. Осы уақытқа дейін төрт түлікке қатысты биотопонимдер мағынасын, этимологиясын, танымдық тұрғыдан қолдану аясын ашылмаған. Қазақ тіл біліміндегі осы кемшін тұсын толтыруды қолға алынды. Сондықтан төрт түлікке қатысты биотопонимдердің көмескіленген мағынасын, қолданыс аясындағы танымдық қызметін зерттеу өзінің тың бағытымен ғана емес, уақыт талаптары тудырып отырған мәселелерді шешу ізденістері бойынша да аса маңызды. Атап

айтқанда, төрт түлікке қатысты лексикалық бірліктің ауылшаруашылықты дамытудағы басты ақпаратын біле бермейді.

Қазақстандағы биотопонимдерді аймақтық ауылшаруашылық кәсібiне пайдалана бермейдi. Атауды бiр адам тақпайтыны белгiлi, нысанды халық болып атап, ол атаудың тiлдiк айналымға сiңiп кетуiне бiраз уақыт өтерi анық, яғни атау қалыптастыруда қоғам қатысады. Төрт түлікке қатысты биотопонимдердiң экономикалық-ауылшаруашылық, соның негiзiнде халықтың әлеуметтiк тiршiлiгiнде маңыздылығы туралы бiрқатар ғалымдар атап өткен. Мәселен, Б.Х.Мусукаевтың пiкiрiнше, атау қоғам талабына сай болу үшiн бiрқатар әлеуметтiк-экономикалық талаптарға сай болу керек, мысал ретiнде малшы үшiн «*Бай орун* «богатая стоянка (загон)» атаудың маңыздылығын атап көрсеткен [1].

А.И.Поповтың пiкiрiнше: «шаруашылық бағытында ерекше маңызды нысандарды барлық жерде және әрқашан нақтылау қажеттiлiгi туындайды» [2]. Мұндай атаулар Қазақстан аумағында баршылық, мәселен: *Түйекеткен, Ешкiөлген, Ешкiөлмес, Қойсойған, Қойсоймас, Тайқашқан, Жылқықайырған, Қойөлгенбұлақ* т.б.

Балкар ономастикасын зерттеген Б.Х. Мусукаев олардың әлеуметтiк-экономикалық жағдайы тiкелей мал шаруашылығына басымдылық берумен байланыстылығын сөз етедi. Сонымен бiрге бұл жергiлiктi тұрғындар үшiн дәстүрлi кәсiп екендiгiн айта келе, «негiзгi шаруашылық түрi – қой бағу» болғандығын атап өтедi де дәлел ретiнде Таш орун «каменный загон», Ёгюзле уруучу «куда волов загоняли», Эчхи орун «козий загон», Чалманла «плетни», Куудушла «ясли», Токьлу орун «загон для ягнят», Къой баула «загон для овец», Къой сюрюлген «где овец угнали», Жабагылы кютген «где Жабагылы пас овец» сияқты топонимдердi келтiредi [1].

Зерттеу шарттары мен әдiстерi. Ономаст-ғалымдар әр топонимнiң, соның iшiнде биотопонимнiң, әр компонентiн барынша талдап, қай тiлден енгенiн, қазiргi кезде қай тiлде осы нұсқаның сақталғанын барынша зерттеп, еңбектерiнде мысалдар негiзiнде дәйектеген [3]. Бектасова Б. Қостанай облысы топонимдерi аясында су маңындағы өсетiн өсiмдiктердiң түрлерiне қатысты қалыптасқан топонимдердi зерттеген [5]. «Тарихи-диахрондық әдiстi қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендiру қызметi» жобасы аясында Солтүстiк Қазақстан облысы топонимдерiн зерттеген ғалымдар топонимнiң әр түрi бойынша өсiмдiк және жануарларға байланысты атаулардың уәжiн анықтаған [6].

Осы уақытқа дейiн қазақ тiл бiлiмiнде биотопонимдердi кешендi зерттеуге арналған еңбек болған жоқ. Жекелеген облыстардың биотопонимдерiн анықтауға қатысты мақалалар жарық көрдi. Мәселен, Қарағанды облысының биотопонимдерi құрамы жағынан қарастырылса [7], Жамбыл облысы өзен атауларындағы биотопонимдер флора мен фауна арақатынасы тұрғысынан зерделендi [8].

Қарастырылыпотырған материалдар талдауы лингвистикалық әдiстер мен тәсiлдер кешенiнде жүзеге асады. Жиналған фактiлердi жүйелеу әрi логикалық тұрғыдан түсiну, осыған байланысты нақты заңдылықтарын айқындау мақсатында дескриптивтi әдiс қолданылды. Биотопонимдiк бiрлiктердi нақты логикалық топтарға бөлу үшiн дескриптивтi әдiстiң бiр түрi ретiнде таксонимикалық әдiс қолданылды. Атаулардың шығу төркiнiн анықтау мақсатында этимологиялық әдiс қолданылды. Зерттеудiң прагматикалық бағыты адамның таным қызметiнiң өнiмi ретiндегi жұмсалымды-прагматикалық талдауды пайдалануды қарастырған.

Нәтижелер және талқылау. Қазақстан аумағындағы биотопонимдер қазақ халқының төрт түліктің барлық түрімен айналысқанын көрсетеді. Бұл туралы ғалымдардың пікірі де бар: «Қазақтардың үй жануарларына арналған көптеген еңбектерде «аспан төрттігі» - олар үшін маңызды төрт түлік: жылқы, түйе, қой, сиыр туралы айтылады. Дәстүрлі тұрмыс-тіршілік тұрғысынан да дәл солай» [9]. Бұл –көнеден осы уақытқа дейін төрт түлікке қатысты биотопонимдердің ауылшаруашылықтың дамуында қажетті ақпаратты беріп отырғандығының айғағы.

Мал шаруашылығын дамытуда жайылымның ыңғайлығы, ит-құстың болмауы, сулы, нулы болуы маңызды, сондықтан жалаң төрт түлікке қатысты биотопонимдер ғана емес, мал шаруашылығының дамуына маңызды топонимдер де қарастырылды. Жалпы биотопонимдерді бірінші тарауда үш топқа бөліп қарастырдық, сондықтан соған сай ақпарат та осы тараушада көрініс табады.

Осы еңбек төрт түлікке қатысты биотопонимдер бойынша суреттік анықтамалық болғандықтан, ақпаратты кесте түрінде беруді жөн санадық.

1-кесте

Төрт түлікке қатысты биотопонимдердің ауылшаруашылыққа ықпалы

Биотопоним	Атаудағы уәжі	Ауылшаруашылықты дамытудағы маңызы
<i>Айғыркеткен</i>	Атау айғырға байланысты бір жайттың жайлауда орын алуына немесе көлге айғырдың батуына байланысты қойылған болса керек.	Жайлаудың кеңдігі, мал жайылуына ыңғайлылығы, қажетті кеңістіктің болуы немесе, керісінше, жылқышыны көл тереңдігі туралы ескерту болуы мүмкін.
<i>Айғыркөмген</i>	Белгілі бір оқиғаға байланысты айғырдың тау етегінде көмілгені жөнінде ақпарат	Жылқы шаруашылығы үшін қолайсыз, жолсыз тау немесе белгілі бір оқиға мал шаруашылығын дамытуға кедергі келтіруі мүмкін.
<i>Айғырөткен</i>	Айғыр өте алатындай көл тереңдігі жөнінде ақпарат беруі мүмкін.	Мал шаруашылығына қолайлы жер, көл жағасында жылқы ұстауға ыңғайлы.
<i>Айғырұшқан</i>	Тау ерекшелігі жөнінде ақпарат тау төбесі қызғылт түсті айыр-айыр болып келген тастардан тұруы мүмкін.	Мал шаруашылығына қолайсыз жер. Биік, үшкірлі таулар.
<i>Ақбура</i>	Атау таудан бурадай ақырып ағып жатқан өзенге байланысты немесе таудың басы ағарып, бураға ұқсас тасты болуына қарай қойылса керек.	Ағынды суы бар, жағалауы құрақты, мал шаруашылығына ыңғайлы болуы әбден мүмкін.

<i>Ақешкі</i>	«Бір бай кісі бір жылы Ақешкі маңындағы таудың жанынан жайлауға көшіп бара жатады. Ол сол жайлауда жігіттеріне шөп шапқызып күзде қыстауына қайта көшеді екен. Байдың мыңырған малы көп бопты. Ол қыстауға барып, малын түгендегенде, 4-5 ешкісінің жоқ екенін байқайды. Малың іздемейді. Келесі жылы көктемде көшіп бара жатқан бай сол таудың беткейінен жайылып жүрген ешкілерін көреді. Қалып қойған 4-5 ешкісі лақтап, 10 шақты болып қалыпты. Оны көріп қуанған бай, достарына: «Мынау ешкі өлмейтін берекелі өлке екен», – депті. Содан тау <i>Ешкіөлмес</i> атанып, оның баурайы, яғни қазіргі ауыл <i>Ақешкі</i> аталыпты» [10].	Мал жайылымына өте ыңғайлы, шөбі шүйгін жер болғандықтан ауыл шаруашылығы үшін маңызды.
<i>Атансойған</i>	Белгілі бір оқиғаға байланысты атанды сою: құрбандық шалу, асқа сою т.б.	Қоныста орын алған оқиға малды өсіруде көңіл бөлерлік жайттарды ескертеді.
<i>Атбағар</i>	Ат жайылымына ыңғайлы мекен дегеннен хабар берсе керек.	Жылқы өсіруге ыңғайлы мекен болғандықтан, мал шаруашылығын дамытуға болады дегенді білдіретін ақпарат.
<i>Атберген</i>	Белгілі бір оқиғадан хабардар етеді: ит-құсқа атының жем болуы не т.б.	Тауда орын алған оқиға малды өсіруде көңіл бөлерлік жайттарды ескертеді.
<i>Атжайлау</i>	Тау қойнауындағы ауасы таза, қоңыр салқын жерде жылқы бағуға қолайлы жер. Жайлау – жайлы тау сөздерінің кірігуінен жасалған зат есім. Қазақ жайлауға көшкенде «тауға көшеміз», күзеуге көшкенде	Жылқы малын бағуға, басын көбейтуге қатысты қажетті ақпарат, яғни осы таулар маңында жылқы ұстауға әбден болады.

	бауырға түсеміз», – дейді.	
<i>Аткеткен</i>	Ағыны қатты өзен, аттың ағып кетуіне байланысты оқиға орын алуы мүмкін.	Ағынды суы бар, жағалауы құрақты, мал шаруашылығына ыңғайлы болуы әбден мүмкін.
<i>Атшабыс</i>	Ат жарыс өткізуге ыңғайлы жер.	Кең, мал ұстауға қолайлы жер.
<i>Биесыймас</i>	Бие сыятындай өткелі бар өзен не бие өтуіне ыңғайлы асуы бар тау болғандықтан аталса керек.	Өткелі бар сулы жерр, жағалауы құрақты, мал шаруашылығына ыңғайлы, асуы бар тау бөктерінің жылқы малын ұстауға ыңғайлы болуы әбден мүмкін.
<i>Бурасойған</i>	Ел аузында: «ашаршылық кезде ұрылып біреудің жалғыз бурасын ұрлап әкетеді де, бір жерге апарып сойып, аштықтан аман қалыпты». Бұл жер осылайша Бурасойған аталып кетіпті [11].	Тарихи атау.
<i>Бұзауөлген</i>	Белгілі бір оқиғаға орай, бұзаудың өлуіне байланысты қойылған атау.	Қоныста орын алған оқиға малды өсіруде көңіл бөлерлік жайттарды ескертеді.
<i>Ешкіаман</i>	Таудағы ешкілердің аман қалуына не бұлаққа жетіп шөлін қандыруына байланысты қойылған атау болса керек.	Мал бағуға қолайлы, суы бар жер екендігін аңғартады.
<i>Ешкіқорған</i>	Мал бағуға ыңғайлы, жан-жағын тау қоршап жатқан жер.	Мал бағуға қолайлы жер.
<i>Қойөлгенбұлақ</i>	Ағысы қатты өзенге қой ағып кетуіне байланысты қойылған атау болса керек.	Орын алған оқиға малды өсіруде көңіл бөлерлік жайттарды ескертеді.
<i>Қошқарсойған</i>	Белгілі бір оқиғаға байланысты қошқарды сою: құрбандық шалу, асқа сою т.б.	Қоныста орын алған оқиға малды өсіруде көңіл бөлерлік жайттарды ескертеді.
<i>Қорабұлақ</i>	Іргесінде бұлақ суы ағып жатқан қыстау	Мал бағуға қолайлы, суы бар жер екендігін аңғартады.
<i>Құлынкеткен</i>	Ағысы қатты өзенге құлын ағып кетуіне байланысты қойылған атау болса керек.	Орын алған оқиға малды өсіруде көңіл бөлерлік жайттарды ескертеді.

<i>Мыңжылқыжайлау</i>	Мыңғырған жылқы ұстауға ыңғайлы жайлау.	Мал бағуға қолайлы, суы бар жер екендігін аңғартады.
<i>Нарсойған</i>	Атау белгілі бір оқиғаға байланысты аталған. Аңыз дерегінде: «Қара нар Есен Сейіт бидің малының құты, көшкенде шаңырағын артатын бәсіре малы екен... Нар Сейіт бидің жыл садақасына сойылады. Сондағы қара нардың пышаққа ілініп, Сейіт бидің жылы берілген жердің қазіргі атауы – Нар сойған» [12].	Белгілі бір оқиға мал шаруашылығына ықпалы жоқ ақпарат, алайда түйе малы басын көбейтуге қолайлы жер болса керек.
<i>Наршөккен</i>	Нар – бір өркешті, асыл тұқымды, ірі түйе. Атаудың топонимдік мағынасы: «белгілі бір оқиғаға, қонысқа келіп тұрақтау не нарға географиялық нысанды ұқсатудан» туындаған болар.	Асыл тұқымды түйе малын өсіретін қоныс не асыл тұқымды түйе малын асырауға қолайлы жер.
<i>Өгізқора</i>	Өгіз – сиыр малының піштірілген еркегі. Атаудың топонимдік мағынасы: «1. Өгізге байланысты оқиғаның орын алуы; 2. Географиялық нысанды өгізге ұқсату; 3. Көне түбірдің сақталуы, яғни «суы бар» дегенге саяды.	Сиыр малын ұстауға ыңғайлы үлкен қыстау не суы бар жалпы мал ұстауға ыңғайлы жер.
<i>Өгізөлген</i>	Өгізге байланысты бір оқиғаның орын алуы мүмкін.	Жағымсыз коннотацияны «өлген» етістігі жасап тұрғандықтан, белгілі бір оқиғаға байланысты мал ұстауға қолайсыз жер.
<i>Өгізсыймас</i>	1. Таудан ағып жатқан суы бар асу; 2. өгіз өтуіне ыңғайлы асуы бар тау болғандықтан аталса керек.	Мал жайылымына қолайлы тау, не тау бөктері.
<i>Сиырөлген</i>	Сиырға байланысты бір оқиғаның орын алуы мүмкін.	Жағымсыз коннотацияны «өлген» етістігі жасап тұрғандықтан, белгілі бір оқиғаға байланысты

		мал ұстауға қолайсыз жер.
<i>Сиырсауған</i>	Атаудың мағынасы: 1. «құрғаған өзен арнасының суға толғандығы»; 2. Сиыр сауып, мал ұстауға ыңғайлы жер.	Сиыр малын ұстауға ыңғайлы суы бар, жалпы мал ұстауға ыңғайлы жер.
<i>Тайбаққан</i>	Жылқы баласы тайға тікелей қатысты атау.	Тайларды бағуға қолайлы қыстау, өзен жағасы.
<i>Тайөлген</i>	Тайға байланысты бір оқиғаның орын алуы мүмкін.	Жағымсыз коннотацияны «өлген» етістігі жасап тұрғандықтан, белгілі бір оқиғаға байланысты мал ұстауға қолайсыз жер.
<i>Тайсойғансай</i>	Белгілі бір оқиғаға байланысты тайды сою: құрбандық шалу, асқа сою т.б.	Өзен жағасында орын алған оқиға малды өсіруде көңіл бөлерлік жайттарды ескертеді.
<i>Текетұрматөбе</i>	Атаудың мағынасы: «мал бір жерде тұрмай, оттайтын, төбеде шөп аз» болуы ықтимал.	Мал жайылымына қолайсыз, шөбі бітік емес жер.
<i>Түйебайланған</i>	«Түйеге байланысты әлдебір оқиға болған жерді, сырт пішіні түйеге ұқсас табиғи нысанды, түйе малы мол өсетін маңды» атауға байланысты қойылған [13].	Түйе бағуға қолайлы, түйе басын көбейтуге ыңғайлы жер.
<i>Түйекетпес</i>	Түйе малын ұстауға қолайлы, маңында құдығы бар жер.	Түйе бағуға қолайлы, түйе басын көбейтуге ыңғайлы, суы бар жер.
<i>Қойқырыққан</i>	Соғыс жылдарында колхоз қойларын осы жерге алып келіп, көктемгі қой қырку науқанын өткізген. Сол себепті Қойқырыққан деп аталып кеткен.	Мал шаруашылығында қой қырку науқанын бір жерге шоғырландыру мәселесі өзекті болу керек.
<i>Үлек</i>	Үлек – «нар түйенің таза тұқымды бурасы» Маңғыстау түйелі өлке болғандықтан, әлдебір биіктікті үлекке теңеп метафоралық атау жасалуы немесе үлекке байланысты бір оқиғаға орай Үлек топонимі туған деуге болады [13].	Түйе малын өсіруге қолайлы жер екендігін білдіреді, яғни мал шаруашылығын дамытуға қажетті ақпарат.

Төрт түлікке қатысты биотопонимдер – ата-бабамыздың кәсібі мен тұрмысы, салт-дәстүрлері, қоршаған ортаға қатынасы, дүеиетанымы мен мінез-құлқына дейін ақпарат беретін өшпес құжаттар.

Қазақ халқы мал бағудың қас шебері ретінде жазда жайлауға, күзде – күзеуге, қыста – қыстауға көшудің мәнін білген. Қазіргі географ мамандардың зерттеу негізінде малды бір орынында көшірмей бағудың жерге келтірер зиянын анықтағанын ата-бабамыз о бастан-ақ білген. Бұл жөнінде мамандардың пікіріне жүгінсек: «Жайылым шабындық биогеоценоздарына шөп шабуға қарағанда күштірек әсер етеді. Мал биогеоценоздарға шөптесін өсімдіктердің жер үсті сабақтарын жеп (жайылым), өсімдіктерге, топыраққа тұяқтарымен әсер ету (басу), нәжіс шығару арқылы әсер етеді. Жайылымның экожүйеге әсері айтарлықтай дәрежеде өсімдік түріне, топыраққа, ылғал жағдайына, жайылатын жануарлардың түріне, жануарлардың санына, жайылым формасына, метеорологиялық жағдайларға және т.б. байланысты. Жылқы шөптің басын жейді. Қойлар өздері жейтін өсімдіктерді топырақтың дәл түбіндегісін (2 см), қойлар сияқты, ағаштар мен бұталарды да жеуге қабілетті ешкі өсімдіктерді түбінен жейді. Сиырлардың тұяғының қысымы трактор доңғалақтарының қысымынан асып түседі. Қой тұяғының әсері ірі кара малға қарағанда 2-3 есе аз. Тұяқтардың топыраққа әсері оның үстіңгі қабатының нығыздалуынан, кейде топырақтың ылғалдылығына, оның механикалық құрамына, шымтезек түзілу дәрежесіне, рельефтегі жағдайына байланысты бетінің деформациясы, жайылым қарқындылығы және жайылым кезеңінің ұзақтығынан көрінеді. Ылғал топырақта көп малдың тұяқтарының әсерінен оңай бұзылады, үстіңгі қабаты балшық тәрізді массаға айналады» [14].

2 -кесте

Төрт түлікке қатысты жалған биотопонимдердің ауыл шаруашылыққа ықпалы

Биотопоним	Атаудағы уәжі	Ауылшаруашылықты дамытудағы маңызы
<i>Айғырбастау</i>	Айғыр сөзі тауға байланысты айтылған айыр сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгеріске түскен түрі болса керек [10]. Жылқы малымен еш байланысы жоқ, таудан аққан бұлақ суының тармаданып ағуын аңғартады.	Жылқы малына еш қатысы жоқ, жалған ақпарат береді. Дегенмен де таудан тарамданып аққан бұлақ суының мал бағуда маңызы зор.
<i>Айғырсақ</i>	Мал аттарымен байланысты атаулар топонимдерде мағыналық жағынан басқа сипатқа ие болады: «айғыр – «үлкен, ірі, биік» [15]. Сақ – ірі етіп тартылған, жармаланған дән [16]. Атаудың мағынасы: «1. жармаланған дәннің ірі болуы; 2. жылқының аң-құстан сақтануы».	Дәнді-дақыл өсіруге ыңғайлы жер, мал ұстауға қолайсыз не ит-құсы көп жер.
<i>Айғыршоқы</i>	Тау басының екі айыр болып жатуынан не тау басын айғырға ұқсатудан шыққан атау.	Мал шаруашылығына еш қатысы жоқ, ақпарат бермейтін атау.
<i>Ақбие</i>	Көне түрк.-монғ. бәе (бие) сөзі «жаға» немесе «қия» мәнін	Шөбі жоқ, су жуып жатқан жаға.

	білдіреді. Атаудың мағынасы: «ағарып жатқан жаға, қия» [4].	
<i>Ақбұзаусай</i>	Атаудың мағынасы: «кішігірім ағарып жатқан сай».	Нысан ерекшелігін көрсетіп, мал шаруашылығына қатысты ақпарат жоқтың қасы. Шөбі жоқтың қасы, ағарып жатқан сай, яғни мал шаруашылығын дамытуға қолайсыз жер.
<i>Аққой</i>	Атау құрамындағы қой(хой) сөзі «төбе», «тау», «тау жалы» деген мәнді білдіреді [10].	Нысан ерекшелігін көрсетіп, мал шаруашылығына қатысты ақпарат жоқ.
<i>Аққошқар</i>	Кочкар атауын монғол тіліндегі хотгор – «еңіс, ой, ойпаң жер» сөзінің фонетикалық түрғыдан өзгерген (т-ч) түрі деп біледі [10]. Атау мағынасы: «топырағы ағарып жатқан ойпаң жер».	Мал өсіруге қолайсыз, шөп өспеген жер.
<i>Ақөгіз</i>	Өгіз – көне түркілік «ағып жатқан су». Татар гидронимиясын зерттеген Ф.Г.Гарипова бай – «ертедегі өзен ағысынан түзілген аңғарлар, яғни «өзен, құрғақ өзен», ал Орталық Азия топонимиясында: «құрғақ арна» «сусыз алқап» мағынасында қолданылады» деп көрсетеді [17]. Демек, атау мағынасы: «қатты ағысты өзен».	Қатты ағынды суы бар, мал ұстауға қолайлы жер.
<i>Аласиыр</i>	<i>сиыр</i> сөзінің монғол тіліндегі <i>сээр</i> «жота, қыр тізбегі», хак. <i>сыр</i> 1) жота, төбе, шоқы; 2) биік жаға, жар; 3) өр; як. <i>сыыр</i> – «қия қабақ», «тік жар» мәніндегі сөздер екендігін ескерер болсақ [11], <i>Аласиыр</i> – «шөбі аз өскен ала-құла болып жатқан жота, төбе, шоқы» мағынасын білдіретінін көреміз.	Нысан ерекшелігін көрсетіп, мал шаруашылығына қатысты ақпарат жоқтың қасы. Шөбі жоқтың қасы, ала-құла болып жатқан жота, қыр, яғни мал шаруашылығын дамытуға қолайсыз жер.
<i>Алабайтал</i>	Байтал сөзінің <i>байса</i> тұлғасы бурят тілінде «тау» деген мәнді білдірсе, монғол тіліндегі « <i>байқ</i> , <i>байқа</i> » сөздері «жартас» мәніндегі сөзбен байланысты болуы мүмкін. Ал сөз соңындағы дауыссыз <i>л</i> монғол тіліндегі көптік жалғаудың көрсеткіші екендігі сөзсіз [10]. Демек, <i>Алабайтал</i> – Жартас, тау түсін дегенді аңғартса керек.	Нысан ерекшелігін көрсетіп, мал шаруашылығына қатысты ақпарат жоқтың қасы. Шөбі жоқтың қасы, ала-құла болып жатқан тау, яғни мал шаруашылығын дамытуға қолайсыз жер.
<i>Алабиетау</i>	Атау мағынасы: «түсі ала құла жартасты тау».	Нысан ерекшелігін көрсетіп, мал

		шаруашылығына қатысты ақпарат жоқтың қасы. Шөбі жоқтың қасы, ала-құла болып жатқан жартасты тау, яғни мал шаруашылығын дамытуға қолайсыз жер.
<i>Ақсиыр</i>	«Түркі, монғол тілдерінде <i>сай</i> , <i>сайр</i> , <i>чай</i> тұлғаларында айтылып, «құрғаған өзен, сайдағы өзен» мағыналарын береді. Махмуд Қашқари еңбегінде <i>saj</i> «тасты өзен», «тасты жер», <i>saj jazi</i> – «жазық, тасты ойпат»: <i>sajram, sajram suv</i> – «терең емес, саяз су». Бұл дәлелдерге қарағанда көне түркі, монғол тілдеріндегі <i>сайр</i> сөзі айтыла келе тіліміздің дыбыстық заңына сай <i>сиыр</i> тұлғасына айналып, тілімізде берік қалыптасқан [10]. Атау мағынасы: «ағып жатқан өзен».	Сулы, жағасында шөп өскен, мал шаруашылығына қолайлы жер.
<i>Бұзаубұлақ</i>	Атаудың мағынасы: «кішігірім бұлақ».	Мал шаруашылығына қолайлы, бұлағы бар жер.
<i>Ақбайтал</i>	<i>Ақбайтал</i> – «ағарып жатқан жартастас, тау» дегенді аңғартса керек.	Нысан ерекшелігін көрсетіп, мал шаруашылығына қатысты ақпарат жоқ. Шөбі жоқ, ағарып жатқан жартастас, яғни мал шаруашылығын дамытуға қолайсыз жер.
<i>Сиырқора</i>	Сиыр монғолдың <i>сайыр</i> «құрғаған өзен арнасы, малта тас» деген мәндегі сөзі [10]. Атаудың мағынасы: «аумағы қораға ұқсас құрғаған өзен арнасы».	Мал жайылымына ыңғайлы жер.
<i>Тайлақшарбақ</i>	Түркі тілінде тай – «тау» деп көрсетеді [18]. Иран тілінде: лақ – «жартастас, құз» [19]. Атаудың мағынасы: «жан-жағы тау-құзбен қоршалған жайлау».	Мал бағуға ыңғайлы, ықтау тұсы бар кең жер, жайлау болғандықтан мал басын көбейтуге қолайлы жер.
<i>Егізлақ</i>	Иран топонимиясында: лақ – «жартастас, құз». Сонда мағынасы: «ұқсас құзды жартастар» [19]. Демек, атау мағынасы: «қос құз, жартастас».	Нысан ерекшелігін көрсетіп, мал шаруашылығына қатысты ақпарат жоқ. Шөбі жоқ, қос жартастас, яғни мал шаруашылығын дамытуға қолайсыз жер.

Көне биотопонимдер құрамында көне түркі тілдерінің негізінде қалыптасып, қазіргі кезде мағынасы күңгірттенген атаулардың бар екендігі анықталды. Бұл кестеден о бастағы мағынасы тек тілші-мамандарға ғана белгілі, қазіргі халық үшін жалған ақпаратты биотопонимдер. Ал олардың

бастапқы мағынасы мал атауына, мал шаруашылығына еш қатысы болмағанымен, жер бедері бойынша жан-жақты ақпарат береді.

3-кесте

Мал шаруашылығына қатысты топонимдердің ауыл шаруашылыққа ықпалы

Биотопоним	Атаудағы уәжі	Ауылшаруашылықты дамытудағы маңызы
<i>Бәйге</i>	Бәйге жиі өткізетін, бәйге өткізуге қолайлы жер	Ашық, жайылымға қолайлы жер, сонымен бірге бәйге өткізетін жер жылқы ұстайтын жерден қашықта болмаса керек.
<i>Бесапан</i>	Апан – аң пана ететін жер.	Мал шаруашылығына қолайсыз, ит-құсы бар жер.
<i>Бөгелекті</i>	Мал берекесін кетіріп, ауру тарататын жәндік көптігін білдіреді.	Мал шаруашылығына қолайсыз жер.
<i>Бөрілікөл</i>	Қазақта қасқыр деп тура атамай, «бөрі, ит-құс, құртқа» деп атаған, «көл жағасының бөрі мекені» екендігін білдіреді.	Мал шаруашылығына қолайсыз, ит-құсы бар көл маңы.
<i>Бөрілісай</i>	«Сайдың бөрі мекені» екендігін білдіреді.	Мал шаруашылығына қолайсыз, ит-құсы бар сай.
<i>Бөрісоққан</i>	Белгілі бір оқиғаға байланысты, бөрігі мен мал шаруашылығына қатысты қойылған атау.	Мал шаруашылығына қолайсыз, ит-құсы бар жер.
<i>Жәйрем</i>	Бұл жерде <i>раң</i> шөп қалың, бітік өседі екен де, қой жайылымына бірден-бір қолайлы болған екен. Содан қойды « <i>раңға жай</i> », « <i>жай раңға</i> » деген сөздер әдетке айналыпты. Сол « <i>жай раңға</i> », « <i>жайраңға</i> » боп айтыла келе, жергілікті жерде <i>Жайраң</i> деген жер атына айналып кетіпті. <i>Жайраң</i> атауын орыс тілінде <i>Жайрам</i> кейіннен <i>Жайрем</i> деп бұрмалап, содан казакша да <i>Жәйрем</i> деп жазылуы қалыптасып кете барады [20]. Атаудың қолдану аясы мен қызметіне қарай қалыптасқаны анық көрінеді.	Қой жайылымына қолайлы, раң шөбі қалың өскен жер.
<i>Жайлау</i>	Жазда мал жаюға шығаратын жер.	Мал шаруашылығын дамытуға өте қолайлы жер.
<i>Жантақты</i>	Жантақ қалың өскендіктен аталған.	Түйе малын өсіруге қолайлы жер.
<i>Жүгенжоғалған</i>	Белгілі бір оқиғаға байланысты аттың жүгені	Қатты ағысты өзен, мал шаруашылығына қолайсыз

	жоғалған өзен.	белгілі бір жайттан хабардар етеді.
<i>Жыланбар</i>	Жылан көп мекендіктен аталған.	Мал шаруашылығына қолайсыз жер.
<i>Жыландыадыр-бұлақ</i>	«Жыланы көп адырдағы бұлақ» дегенді білдіреді.	Мал шаруашылығына қолайсыздық тудыратын тұстарын меңзейді.
<i>Жылықора</i>	«Қыс кезінде мал ұстауға қолайлы қора» дегенді білдіреді.	Мал шаруашылығын дамытуға қолайлы жер.
<i>Кенежайлау</i>	Жайлауда кенелердің көптігін білдіретін атау.	Мал шаруашылығына қолайсыздық тудыратын тұстарын меңзейді.
<i>Кенелі</i>	Кенелердің көптігін білдіретін атау.	Мал шаруашылығына қолайсыздық тудыратын тұстарын меңзейді.
<i>Қасқырдың сайы</i>	«Сайда қасқырдың көптігін» білдіретін атау.	Мал шаруашылығына қолайсыз, ит-құсы бар сай.
<i>Қасқыржұт</i>	Атау мағынасы: «малға қасқырдың көп шабуын пайда болған жұт».	Мал шаруашылығына қолайсыз, ит-құсы бар жер.
<i>Соналы</i>	Соналардың көптігін білдіретін атау.	Мал шаруашылығына қолайсыздық тудыратын тұстарын меңзейді.
<i>Тікенекті</i>	Тікенек қалың өскендіктен аталған.	Түйе малын өсіруге қолайлы жер.
<i>Шалкөде</i>	Атаудың мағынасы: «Мал жайылатын жайлаудың ағашсыз биік жота қырларындағы қалың, биік бетеге, боз» дегенге саяды [10].	Мал шаруашылығын дамытуға қолайлы, шөбі шүйгін өскен жер.
<i>Шыбынды</i>	Шыбындардың көптігін білдіретін атау.	Мал шаруашылығына қолайсыздық тудыратын тұстарын меңзейді.
<i>Шіркей</i>	Шіркейлердің көптігін білдіретін атау.	Мал шаруашылығына қолайсыздық тудыратын тұстарын меңзейді.
<i>Шұбарқұдық</i>	Кей жерде бұта ғана емес, ойдым-ойдым өскен қайың, қарағай, т.б. өсімдіктер де «шұбар» ұғымын туғызады. Бұл жерде географиялық нысанның ала-құла, теңбіл-теңбіл, шұбар түсті болып келуі басты ерекшелігі [13].	Шұбарлар мал жайылымына аса қолайлы болғандықтан, ерекше назарда болған.

Кесте негізінде біз халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті ақпарат беретін топонимдерді анықтаймыз.

Б.М. Тілеубердиевтің пікірінше: «Қайсібір өсімдік түрінің топонимиядан орын алуына екі жағдай әсер етеді: 1) мал жейтін шөптер аты болуы тиіс; 2) осы физика-географиялық объектіде өсетін өсімдіктердің ішіндегі жиі кездесетінінің аты болуы тиіс» [21]. Ғ.Қонқашпаевтың пікірінше, көшпелілердің күн көрінісіне жер бедері (рельеф), ауа-райы

(климат), су (гидрография), өсімдіктер және аңдар үлкен септігін тигізген [22].

Қазіргі кезде тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында табиғи ресурстар мен табиғатты қорғау проблемалары тұр, ландшафтың өзгеруі, өсімдіктер мен жануарлардың ареалдарын түсіндіру басты мәселе, мұндай жағдайда әр түрлі ғылыми әдістер мен соның ішінде биотопонимикаға деген үлкен қызығушылық бар.

Құрамында көне географиялық терминдер негізінде қалыптасқан қазіргі топонимдерде «аң атауына байланысты компонент» жаңсақ ақпарат беретіндігі айқындалып, мысалдар негізінде дәйектелді.

Жалған биотопонимдер, яғни сыртқы фонетикалық қабаты биотопонимдерге жақын болғанымен, беретін ақпараты биотопонимдерге еш қатысы жоқ атаулар санының да көп болуы тарихи сабақтастықтың, тарих ізінің қалуына байланысты, себебі бұл атаулар – көне түркі тілінің ізі. Ал олардың берер ақпараты, негізінен, географиялық термин-индикаторларға байланысты.

Төрт түлікке «қатысты» жалған биотопонимдер мал шаруашылығына қолайлы/қолайсыз деп бөліп қарастыруға болады.

Қараған, қарағай, терек, тораңғы, тікенектің өзіндік пайдасы бар, ал Бөрілі, Кенелі, Соналы атаулары көшіп-қонуда берер ақпаратының маңызы зор.

Қорытынды. Қазіргі кезде тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында табиғи ресурстар мен табиғатты қорғау проблемалары тұр, ландшафтың өзгеруі, өсімдіктер мен жануарлардың ареалдарын түсіндіру басты мәселе, мұндай жағдайда әр түрлі ғылыми әдістер мен соның ішінде биотопонимикаға деген үлкен қызығушылық бар.

Биотопонимдер ұлттық тәжірибенің сонау ықылым заманнан сақталған көзі десек, оның құрамындағы төрт түлікке қатысты сөздер адамдардың өзін қоршаған ақиқат дүние, бұрынғы тұрмыс-тіршілігі, соның негізінде өзін өзі тану туралы жинап-терген ақпараттарын кодтап қана қоймай, оларды тасымалдаушы қызметін қоса атқарады. Осының негізінде қазіргі мал шаруашылығын дамытуға қажетті ақпаратты төрт түлікке қатысты биотопонимдерден алуымызға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мусукаев, Б.Х. М-11. Очерки балкарской ономастики [Текст] / Б.Х. Мусукаев. - Нальчик: Издательство КБНЦ РАН, 2007. - 171 с.
2. Попов, А.И. Географические названия [Текст] / А.И. Попов. - М.: Л., 1965.
3. Әбдірахманов, А. Топонимика және этимология [Мәтін] / А. Әбдірахманов. – Алматы: Ғылым, 1975. - 204 б.
4. Қойшыбаев, Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі [Мәтін] / Е. Қойшыбаев. – Алматы: Мектеп. 1985. - 256 б.
5. Бектасова, Б.К. Краткий топонимический словарь Костанайской области [Текст] / Б.К. Бектасова. – Костанай: 1996. – 114 с.
6. Иманбердиева, С.Қ. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері [Мәтін] / С.Қ. Иманбердиева, З. Тойшыбаев, С.З. Мәлікова. – Нұр-Сұлтан: «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ. 2020. – 780 б.
7. Иманбердиева, С.Қ. Қарағанды облысының биотопонимдері [Мәтін] / С.Қ. Иманбердиева // Ономастикалық хабаршы – 2022. - № 2(43). – Б.88-93.

8. Иманбердиева, С.Қ. Жамбыл облысы өзен атауларындағы биотопонимдер [Мәтін] / С.Қ. Иманбердиева // Ономастика тынысы – 2021. - №4. – Б.100-109.
9. Анималистическая вселенная казахской культуры в диаграмме эпох. /Ответственные за выпуск: Султанова М. Э., Шайгозова Ж. Н. – Астана: КазНИИИК, 2017. – 560 с.
10. Жанұзақ, Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні [Мәтін] / Т.Жанұзақ – Алматы: Сөздік-словарь ЖШС, 2010. – 356 б.
11. Көшімова, Б.Ә. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі [Мәтін] / Көшімова Б.Ә. – Алматы: Нұрлы әлем, 2010 - 238 б.
12. Спан, Ә. Қабекеңнің қазынасы [Мәтін] / Ә.Спан – Алматы: 2003 – 200 б.
13. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері / Бияров Б. Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
14. Сапаров, К.Т. Топонимика региона – как основа восстановления и развития ландшафтов Павлодарского Прииртышья [Текст]: учебное пособие для студентов естественно-научных и гуманитарных специальностей / К.Т. Сапаров, А.Е. Егинбаева. – 2 изд. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 168 с.
15. Қаймулдинова, К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері [Мәтін] / К. Қаймулдинова – Алматы: 2001. – 92 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011 – 752 б.
17. Гарипова, Ф.Г. Исследования по гидронимии Татарстана [Текст] / Ф.Г.Гарипова. – М.: 1991. – 294 с.
18. Мурзаев, Э.М. Словарь местных географических терминов [Текст] / Э.М.Мурзаев. – М., 1959.
19. Савина, В.И. Словарь географических терминов и других слов, формирующих топонимию Ирана [Текст] /В.И.Савина. – М., 1971. -345 с.
20. Сейдімбек, А. 1 том [Мәтін] / А.С. Сейдімбек. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2010. 3-10 б.
21. Тілеубердиев, Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық лексикасы [Мәтін] / Б.М.Тілеубердиев. –Алматы: Шапағат-Нұр, 1999.–119 б.
22. Конкашпаев, Г. Словарь казахских географических названий [Текст] / Алма-Ата, 1963.

Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын «AP14871055 Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік» концептінің өрісі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Мақала редакцияға 08.09.23 түсті.

С.К.Иманбердиева

*Казахский агротехнический исследовательский университет
им. С.Сейфуллина, Астана, Казахстан*

РОЛЬ ИМЕЮЩИХ В СОСТАВЕ ДОМАШНИХ ЖИВОТНЫХ БИОТОПОНИМОВ В СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ОТРАСЛИ

Аннотация. В статье определены роль и функция биотопонимов в развитии животноводства. Установлено происхождение «завуалированных» значений биотопонимов, а на основе этой информации установлено, что они не являются флорой или фауной, а – древними географическими терминами. Для казахского народа, основным занятием которого было скотоводство, большое значение имеют биотопонимы, состоящие из названий домашних животных.

Цель статьи - определить национальную идентичность на основе названий домашних животных в казахской народной литературе, топонимических материалах.

Анализ, разработка и систематизация информации, связанной с развитием животноводства, сравнение ее на основе региональной биотопонимики казахского народа.

Методы исследования: статистический метод, сравнительно-сравнительный, этимологический анализ, лингвокогнитивный, концептуальный, компонентный (семантический) анализ.

Исследовательская работа проводилась в лексико-семантическом, когнитивном направлении. Это доказывает, что биотопонимы, имеющие в составе названия домашних животных, с древнейших времен давали необходимую информацию в развитии сельского хозяйства. Удобство пастбищ, отсутствие диких зверей, наличие воды и трав имеют важное значение в развитии животноводства, поэтому рассматриваются не только биотопонимы, имеющие в составе названия домашних животных, но и топонимы, важные для развития животноводства.

Практическая значимость статьи заключается в том, что ее основные результаты могут быть использованы в таких теоретических курсах, как лексикология, ономастика, когнитивная лингвистика, лингвокультурология, а также на семинарах по преподаванию казахского языка.

Ключевые слова: биотопоним, отрасль, информация, значение, животноводство.

S.K.Imanberdieva

*Kazakh Agrotechnical Research University named after S.Seifullin,
Astana, Kazakhstan*

THE ROLE OF BIOTOPONYMS IN PETS IN THE AGRICULTURAL INDUSTRY

Abstract. The article defines the role and function of biotoponyms in the development of animal husbandry. The origin of the "veiled" meanings of biotoponyms has been established, and on the basis of this information it has been established that they are not flora or fauna, but ancient geographical terms. For the Kazakh people, whose main occupation was cattle breeding, biotoponyms consisting of the names of domestic animals are of great importance.

The purpose of the article is to determine the national identity based on the names of domestic animals in Kazakh folk literature, toponymic materials. Analysis, development and systematization of information related to the development of animal husbandry, its comparison based on the regional biotponymy of the Kazakh people.

Research methods: statistical method, comparative analysis, etymological analysis, linguo-cognitive, conceptual, component (semantic) analysis.

Research work was carried out in the lexico-semantic, cognitive direction. This proves that biotoponyms containing the names of domestic animals have provided the necessary information in the development of agriculture since ancient times. The convenience of pastures, the absence of wild animals, the presence of water and grasses are important in the development of animal husbandry, therefore, not only biotoponyms that include the names of domestic animals are considered, but also toponyms that are important for the development of animal husbandry.

The practical significance of the article lies in the fact that its main results can be used in such theoretical courses as lexicology, onomastics, cognitive linguistics, linguoculturology, as well as in seminars on teaching the Kazakh language.

Keywords: biotponym, industry, information, meaning, animal husbandry.

References

1. Musukaev, B.H. Ocherki balkarskoj onomastiki [Essays on balkarsky onomastics]. - Nalchik: Izdatelstvo KBNZ ran, 2007. - 171 p. [In Russian]
2. Popov, A.I. Geograficheskie nazvaniya [Geographical focus]. - M.- L., 1965. [In Russian]
3. Abdrakhmanov, A. Toponimika jäne etimologia [Toponymy and etymology]. - Almaty: Science, 1975. - 204 p. [In Kazakh]
4. Koishybayev, E. Qazaqstannyñ jer-su attary sözdigi [Dictionary of land and water names of Kazakhstan]. –Almaty: School. 1985. - 256 p. [In Kazakh]
5. Bektasova, B.K. Kratsky toponymic Dictionary of the Kostanay region. – Kostanai, 1996. – 114 c. [In Russian]
6. Imanberdieva S. K., Toishybayev Z., Malikova S. Z. Soltüstik Qazaqstan oblysy toponimderi [Toponyms of the North Kazakhstan region]. – Nur-Sultan: NAO "National Scientific and practical Center "Til-Kazyna" named after Sh. Shayakhmetov". 2020. - 780 p. [In Kazakh]
7. Imanberdiyeva S. K. Qarağandy oblysynyñ biotoponimderi [Biotoponyms of Karaganda region] // Onomastic bulletin– 2022. - № 2(43). – pp. 88-93 [In Kazakh]
8. Imanberdieva S. K. Jambyl oblysy özen ataularyndağy biotoponimder [Biotoponyms in the names of rivers of Zhambyl region] / Imanberdieva S. K. // onomastics breath – 2021. - No. 4 – pp. 100-109. [In Kazakh]
9. Animalisticheskaya vseleynaya kazahskoj kultury v diagramme epoh [Animalistic culture of the Kazakh people in the diagram of the epoch]. / Responsible for publication: Sultanova M. E., Shaigozova zh. N. – Astana: Kazniik, 2017. - 560 p. [In Russian]
10. Zhanuzak T. Tarihi jer-su attarynyñ tüptörkını [Background of historical land and water names]. – Almaty: "Dictionary-dictionary" LLP, 2010. – 356 p. [In Kazakh]
11. Koshimova B. A. Explanatory Mañğystau öñiri jer-su ataularynyñ tüsindirme sözdigi [Dictionary of land and water names of the Mangistau region]. – Almaty: "Nurly Alem", 2010 - 238 p. [In Kazakh]
12. Span A. Qabekeñniñ qazynasy [The treasure of Kabeken] / Aspan-Almaty: 2003-200 p. [In Kazakh]
13. Qazaq toponimderiniñ tiptik ülgileri [Typical examples of Kazakh toponyms] / Republican methodological Center for the development of languages named after Biyarov B. Sh. Shayakhmetov, 2013. – 432 p. [In Kazakh]
14. Saparov K. T., Eginbaeva A. E. Toponimika regiona — kak osnova vosstanovleniya i razvitiya landshaftov Pavlodarskogo Priirtyshya [Toponymy of the region — as Osнова vosstanovleniya and landscape development Pavlodar Priirtyshya]: educational post for students of educational and scientific and humanitarian specialties / K. T. Saparov, A. E. Eginbaeva. — 2 izd. - Almaty: epigraph, 2017. -168 p. [In Russian]
15. Kaimuldinova K. Qazaq toponimderiniñ etnoekologialyq negizderi [Ethnoecological foundations of Kazakh toponyms] / K. Kaimuldinova-Almaty: 2001-92 p. [In Kazakh]
16. Qazaq ädebi tiliniñ sözdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. - Almaty, 2011-752 p. [In Kazakh]
17. Garipova. F. G. Issledovaniya po gidronimii Tatarstana [Issledovaniya on the hydronymy of Tatarstan] [text] / F. G. Garipova – Moscow: 1991-294 p. [In Russian]
18. Murzaev E. M. Dictionary of local geographical terms [text] / E. M. Murzaev - Moscow: 1959 [In Russian]
19. Savina V. I. Slovar geograficheskikh terminov i drugih slov, formiruyushih toponimiyu Irana [Dictionary of geographical terms and other words, forming the toponymy of Iran] [text] /V. I. Savina – Moscow, 1971.-345 p. [In Russian]
20. Seidimbek A. Volume 1 / A. S. Seidimbek - Publishing House "Foliant", pp. 3-10,

2010. [In Kazakh]
21. Tleuberdiev B. M. Oñtüstik Qazaqstan toponimderiniñ etnolingvistikalyq leksikasy [Ethnolinguistic vocabulary of toponyms of South Kazakhstan] / B. M. Tleuberdiev – Almaty: Shapagat-Nur, 1999.-119 p. [In Kazakh]
 22. Konkashpaev G. Slovar kazahskih geograficheskikh nazvanij [Dictionary of Kazakh Geographical Names] / Alma-Ata: 1963. [In Russian]